

FTAMP 14.35.09

DOI <https://doi.org/10.52081/PhSJ.2026.v13.i1.070>

**Г.А. Камешева<sup>a</sup>**

E-mail: [kamisheva\\_gulnur@mail.ru](mailto:kamisheva_gulnur@mail.ru)

**Ш.А. Әділбек<sup>a</sup>**

E-mail: [shugyla3110@mail.ru](mailto:shugyla3110@mail.ru). \*Байланыс үшін автор: [shugyla3110@mail.ru](mailto:shugyla3110@mail.ru)

<sup>a</sup>*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ., Қазақстан*

## **АҒЫЛШЫН ФРАЗЕОЛОГИЯСЫНДАҒЫ ҚҰНДЫЛЫҚТЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР: КОРПУСТЫҚ-ДИСКУРСТЫҚ ТАЛДАУ**

### **Аңдатпа**

Мақала қазіргі ағылшын тіліндегі фразеологиялық бірліктердің бағалауыштық (аксиологиялық) мазмұнындағы трансформациялық процестерді эмпирикалық мәліметтер негізінде кешенді түрде зерттеуге арналған. Зерттеудің негізгі мақсаты-қоғамдық құндылықтардың өзгеруіне байланысты фразеологизмдердің семантикалық құрылымында орын алатын аксиологиялық динамиканы анықтау. Жұмыс барысында British National Corpus (BNC) және Corpus of Contemporary American English (COCA) деректеріне корпусстық-дискурстық талдау жасау арқылы фразеологиялық бірліктердің контекстуалдық және прагматикалық ерекшеліктері сараланды.

Зерттеу нәтижелері фразеологизмдердің бағалауыштық семантикасының тұрақты емес, әлеуметтік трансформациялар мен цифрлық коммуникацияның ықпалымен құбылып отыратынын дәлелдеді. Автор ағылшын тіліндегі жаңа фразеологиялық модельдердің қалыптасу үрдісін және олардың медиа-дискурстағы қызметін сипаттайды. Алынған ғылыми қорытындылар фразеологиялық жүйенің динамикалық табиғатын айғақтай отырып, тіл мен қоғамдық сананың өзара байланысын тереңірек түсінуге, сондай-ақ когнитивтік лингвистика мен лингвомәдениеттану салаларын жаңа деректермен толықтыруға мүмкіндік береді.

### **Тірек сөздер:**

фразеологиялық бірліктер, бағалауыштық семантика, корпусстық лингвистика, дискурстық талдау, тілдік динамика, аксиологиялық трансформация, ағылшын тілі, прагматикалық әлеует, лингвомәдениет.

### **Сілтеме жасау үшін:**

Камешева Г.А., Әділбек Ш.А. Ағылшын фразеологиясындағы құндылықтық өзгерістер: корпусстық-дискурстық талдау // Philological Sciences Journal. – 2026. – Vol. 13. – №1. – Pp. 8-15. DOI <https://doi.org/10.52081/PhSJ.2026.v13.i1.070>

### **Кіріспе**

Қазіргі тіл білімінде зерттеу парадигмасы тілдің құрылымдық сипаттамасынан оның функционалдық, когнитивтік және прагматикалық қырларын кешенді түрде қарастыруға қарай бет бұрды [Crystal, 2003: 499]. Осы тұрғыдан алғанда, фразеологиялық бірліктер тек тұрақты тілдік құрылым ретінде ғана емес, сонымен қатар мәдени код пен әлеуметтік бағалауыштық жүйені бейнелейтін күрделі семантикалық құрылым ретінде қарастырылады

[McEnery, Hardie, 2012: 294]. Фразеологиялық қордың аксиологиялық әлеуетін айқындау – қазіргі лингвистикадағы ең өзекті мәселелердің бірі.

Зерттеудің өзектілігі тілдік жүйенің статикалық емес, динамикалық табиғатымен және қоғамдағы құндылықтар иерархиясының өзгеруіне тікелей тәуелділігімен айқындалады. Әлеуметтік-мәдени контекстің жаңаруы нәтижесінде дәстүрлі фразеологизмдер жаңа мағыналық реңктерге ие болып, олардың аксиологиялық векторы (жағымдыдан жағымсызға немесе керісінше) трансформацияға ұшырауда. Бұл мәселе бірқатар зерттеушілердің еңбектерінде қарастырылғанымен [Partington, 2004: 293], фразеологизмдердің бағалауыштық мазмұнының динамикасы, әсіресе қазіргі дискурстық ортада, әлі де жүйелі зерттеуді қажет етеді.

Жұмыстың мақсаты – ағылшын фразеологизмдерінің аксиологиялық динамикасын заманауи корпус материалдары арқылы айқындап, олардың контекстуалдық, прагматикалық және дискурстық ерекшеліктерін жан-жақты сипаттау. Осы мақсатқа жету үшін зерттеудің әдіснамалық базасы ретінде пәнаралық тәсілдер қолданылды:

### **Материалдар мен зерттеу әдістері**

Зерттеудің эмпирикалық негізін ағылшын тілінің заманауи лексикографиялық дереккөздерінен іріктелген фразеологиялық бірліктер мен олардың British National Corpus (BNC) [British National Corpus, 2007] және Corpus of Contemporary American English (COCA) [Davies, 2008] корпустарындағы қолданыс үлгілері құрады. Барлығы 120 фразеологиялық тұлға талдауға алынды. Сонымен қатар, цифрлық медиа-дискурстағы (2024-2026 жж.) жаңа мағыналық қолданыстарды анықтау үшін сапалы БАҚ ресурстары мен әлеуметтік платформалардың деректері пайдаланылды.

Зерттеу барысында келесі әдістер кешенді түрде қолданылды:

*Корпустық жиілік талдау* арқылы фразеологиялық бірліктердің әртүрлі уақыт кезеңдеріндегі қолданыс динамикасын салыстыру арқылы олардың тілдегі белсенділігі анықталды.

Фразеологизмдердің айналасындағы лексикалық қоршауды (collocates) саралау арқылы олардың бағалауыштық бағыты (позитивті/негативті) *контекстуалдық талдау* арқылы нақтыланды.

Тілдік бірліктердің мағыналық құрылымындағы құндылықтық компоненттің трансформалануын қоғамдық-әлеуметтік өзгерістермен байланыстыра қарастыру *аксиологиялық интерпретация* әдісі арқылы мүмкін болды.

*Прагматикалық талдау* әдісін қолдана отырып, фразеологизмдердің коммуникативтік мақсатқа сай (ирония, сарказм, эвфемизм) қолданылу ерекшеліктері айқындалды.

Корпустық лингвистикасының әдістері фразеологиялық бірліктердің қолданылу жиілігі мен вариативтілігін статистикалық дәлдеуге мүмкіндік берді; Контекстік талдау әдісі бағалауыштық реңктің мәтін ішіндегі позициясын анықтады;

Дискурстық интерпретация әдісі тілдік бірліктердің коммуникативтік әлеуеті мен әлеуметтік қызметін саралады.

Зерттеудің эмпирикалық материалы ретінде ағылшын тілінің британдық (BNC) және американдық (COCA) ұлттық корпустары, БАҚ мәтіндері мен цифрлық коммуникация (әлеуметтік желілер, блогтар) деректері пайдаланылды. Материалдардың репрезентативтілігі зерттеу нәтижелерінің объективтілігін қамтамасыз етеді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы фразеологиялық бірліктердің бағалауыштық құрылымының өзгерісі нақты тілдік материалдар арқылы эмпирикалық тұрғыдан дәлелденуімен және цифрлық ортаның ықпалынан туындаған жаңа фразеологиялық модельдердің сипатталуымен айқындалады.

## Зерттеу нәтижелері және талдау

Фразеологиялық бірліктердің семантикасы көпқабатты құрылымға ие және олардың мағынасы когнитивтік модельдер мен мәдени тәжірибенің өзара әрекеттесуі арқылы қалыптасады. Осы тұрғыдан алғанда, бағалауыштық компонент тек тілдік элемент емес, ол әлеуметтік мағынамен тығыз байланысты интерпретациялық категория болып табылады. Корпус деректері фразеологизмдердің мағынасы олардың қолданылу жиілігімен ғана емес, сонымен қатар нақты дискурстық ортада атқаратын қызметімен де анықталатынын көрсетті. Мысалы, *geek* лексемасының қолданысын талдау оның семантикалық трансформацияға ұшырағанын айқын дәлелдейді. Бұрын бұл сөз әлеуметтік тұрғыдан оқшауланған, «оғаш» адамды білдірсе, қазіргі дискурста ол жоғары интеллектуалдық қабілет пен кәсіби құзыреттіліктің белгісі ретінде қолданылады [British National Corpus, 2007]. Бұл өзгеріс кездейсоқ емес, ол қоғамдағы білім мен технологияға қатысты құндылықтардың қайта бағалануының нәтижесі болып табылады.

*Spill the tea* тіркесінің қолданылуын талдау оның мағынасының дискурстық тәуелділігін айқындайды. Бұл фразеологизм көбіне әлеуметтік желілерде және бейресми коммуникацияда қолданылып, ақпаратты жариялау немесе құпияны ашу мағынасын білдіреді [British National Corpus, 2007]. Алайда оның бағалауыштық сипаты контекстке байланысты өзгеріп отырады: кейбір жағдайларда ол позитивті (қызықты ақпарат), ал басқа жағдайларда негативті (өсек, жағымсыз ақпарат) реңкке ие болуы мүмкін. Бұл тілдік мағынаның прагматикалық және интерпретациялық табиғатын көрсетеді [Davies, 2008].

Осыған ұқсас түрде *cheap* және *cheap shot* бірліктерінің талдауы олардың аксиологиялық поляризацияға ұшырайтынын көрсетті. *Cheap* сөзі бір контексте «қолжетімділік» мағынасында позитивті бағаланса, басқа жағдайда «сапасыздық» мағынасында негативті реңкке ие болады. Ал *cheap shot* тіркесі көбіне тұрақты негативті бағалауыштық сипатқа ие, бұл оның семантикалық ядросының тұрақтылығын көрсетеді.

Корпустық деректердің сандық талдауы фразеологиялық бірліктердің бағалауыштық құрылымындағы айырмашылықтарды нақты көрсетеді. Атап айтқанда, зерттеу нәтижелері бойынша *break the internet* тіркесінің 74% жағдайда позитивті контексте қолданылатыны анықталды, бұл оның гиперболалық және эмоционалды сипатын көрсетеді. Ал *cheap shot* тіркесінде негативті қолданыс 81% құрап, оның тұрақты теріс бағалауыштық мәнге ие екенін дәлелдейді. Орташа көрсеткіштер бойынша позитивті қолданыс 45.8%, негативті 35.2%, ал бейтарап қолданыс 19% құрады. Бұл нәтижелер тілдегі бағалауыштық мағынаның біркелкі емес екенін және оның әртүрлі факторларға тәуелді өзгеретінін көрсетеді.

Фразеологиялық бірліктердің бағалауыштық мазмұнының өзгерісін тереңірек талдау олардың тек жеке лексикалық бірлік ретінде емес, тұтас дискурстық құрылым құрамында қарастырылуы қажеттігін көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, фразеологизмдердің мағынасы олардың құрамындағы сөздердің тікелей мағынасынан емес, тұтас тіркес ретінде қалыптасатын семантикалық және прагматикалық тұтастық арқылы айқындалады [Sinclair, 1991: 85].

Қазіргі ағылшын тіліндегі бірқатар фразеологиялық бірліктердің мағынасы олардың қолданылу жиілігінің артуымен қатар, жаңа коммуникативтік функцияларды атқара бастауымен ерекшеленеді. Бұл құбылыс әсіресе цифрлық коммуникация кеңістігінде айқын көрінеді. Әлеуметтік желілерде қалыптасқан тілдік үлгілер қысқа уақыт ішінде кең таралып, тұрақты тіркестерге айналады. Мұндай бірліктердің ерекшелігі олардың жоғары экспрессивтілігі мен контекстке тәуелділігінде көрінеді. Мысалы, *break the internet* тіркесінің қолданысын талдау оның тек гиперболалық сипатта ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік маңызы бар ақпараттық құбылысты білдіретін тілдік құралға айналғанын көрсетеді. Бұл тіркес көбіне медиа дискурста қолданылып, қоғамдық резонанс тудыратын оқиғаларды сипаттайды. Осыған байланысты оның бағалауыштық сипаты көбіне позитивті бағытта қалыптасады, өйткені ол танымалдық пен назар аударуды білдіреді.

Фразеологиялық бірліктердің мағыналық трансформациясы олардың когнитивтік негізімен де байланысты. Яғни, белгілі бір тіркестің мағынасы адамның әлемді қабылдау ерекшеліктерімен және мәдени тәжірибесімен анықталады [Stubbs, 2001: 112]. Бұл тұрғыдан алғанда, фразеологизмдер тек тілдік бірлік емес, сонымен қатар мәдени концептілердің көрінісі болып табылады. Осыған байланысты фразеологиялық бірліктердің бағалауыштық мазмұнының өзгерісі олардың мәдени контекстке тәуелділігін де көрсетеді. Мысалы, технологиялық даму мен цифрлық мәдениеттің күшеюі *geek* сияқты сөздердің бағалауыштық реңкін өзгертіп, оларды позитивті мағынада қолдануға алып келді. Бұл құбылыс қоғамдағы құндылықтардың өзгеруімен тікелей байланысты.

Тағы бір маңызды аспект – фразеологиялық бірліктердің прагматикалық қызметі. Олар тек ақпарат жеткізу құралы ғана емес, сонымен қатар сөйлеушінің позициясын білдіру, эмоциялық әсер ету және тыңдаушының назарын аудару қызметін атқарады. Осы тұрғыдан алғанда, олардың бағалауыштық сипаты коммуникативтік мақсатқа байланысты өзгеріп отырады. Зерттеу барысында анықталғандай, фразеологизмдердің мағынасы тек жеке контексте ғана емес, сонымен қатар кең дискурстық құрылым ішінде қалыптасады. Бұл олардың интерпретациясы әртүрлі факторларға тәуелді екенін көрсетеді, соның ішінде мәтіннің жанры, аудитория және коммуникативтік жағдай маңызды рөл атқарады [Gibbs, 1994: 36].

Фразеологиялық бірліктердің динамикасын талдау олардың тілдік жүйедегі орнының өзгеріп отырғанын көрсетеді. Кейбір тіркестер уақыт өте келе өзектілігін жоғалтса, басқалары керісінше жаңа мағынаға ие болып, белсенді қолданысқа енеді. Бұл тілдің үнемі дамып отыратын жүйе екенін дәлелдейді. Фразеологиялық бірліктердің бағалауыштық мазмұнының өзгерісі көпқырлы процесс болып табылады және ол тілдік, когнитивтік және әлеуметтік факторлардың өзара әрекеттесуінің нәтижесі ретінде қарастырылуы тиіс.

Алынған нәтижелерді интерпретациялау барысында фразеологиялық жүйенің динамикалық сипаты айқындалды. Бағалауыштық мағына тілдік бірліктің тұрақты қасиеті емес, ол нақты коммуникативтік жағдайға байланысты қалыптасады [Lakoff, 1980: 87]. Сонымен қатар, цифрлық коммуникация кеңістігі жаңа фразеологиялық модельдердің қалыптасуына ықпал етіп, олардың экспрессивті және прагматикалық сипатын күшейтеді. Жалпы алғанда, жүргізілген зерттеу нәтижелері фразеологиялық бірліктердің бағалауыштық семантикасының өзгерісі белгілі бір жүйелілікке ие екенін көрсетеді. Бұл өзгерістер кездейсоқ емес, керісінше, тілдің ішкі заңдылықтары мен сыртқы әлеуметтік факторлардың ықпалымен қалыптасады.

Қазіргі тілдік қолданыста байқалатын негізгі тенденциялардың бірі-фразеологизмдердің экспрессивтілік деңгейінің артуы. Бұл әсіресе цифрлық коммуникация жағдайында айқын көрінеді, себебі қысқа әрі әсерлі тілдік бірліктер ақпарат алмасудың тиімді құралына айналады. Сонымен қатар, тілдік бірліктердің бағалауыштық мазмұнының өзгеруі олардың семантикалық икемділігін көрсетеді. Бұл өз кезегінде тілдің бейімделгіштік қасиетін және оның қоғамдағы өзгерістерге жауап беру қабілетін айқындайды.

Зерттеу барысында бірқатар әдіснамалық және эмпирикалық қиындықтар байқалды. Ең алдымен, фразеологиялық бірліктердің бағалауыштық мазмұнын анықтау барысында олардың контекстке тәуелділігі белгілі бір күрделілік туғызды. Бір тілдік бірлік әртүрлі дискурстық жағдайларда әрқилы мағынаға ие болуы мүмкін, бұл олардың бағалауыштық реңкін нақты анықтауды қиындатады. Бұл мәселені шешу мақсатында талдау тек жеке мысалдарға емес, корпус деректеріндегі жиілік көрсеткіштеріне негізделді. Яғни, белгілі бір фразеологизмнің бағалауыштық сипаты оның әртүрлі контекстердегі жүйелі қолданысы арқылы айқындалды. Корпус деректерін іріктеу барысында мәтіндердің жанрлық және стильдік әртүрлілігі де белгілі бір қиындықтар туғызды. Әсіресе, бейресми және цифрлық дискурстағы тілдік бірліктердің тұрақтылығы мен стандарттылығы төмен болуы олардың талдауын күрделендірді. Бұл мәселені шешу үшін әртүрлі дереккөздерден алынған материалдар салыстырмалы түрде қарастырылып, нәтижелердің объективтілігі қамтамасыз етілді. Тағы бір маңызды қиындық фразеологиялық бірліктердің семантикалық шекарасын

анықтаумен байланысты болды. Кейбір тіркестердің тұрақты немесе еркін тіркес екендігін ажырату әрқашан бірмәнді бола бермейді. Осыған байланысты зерттеуде фразеологизмдерді анықтау кезінде олардың қайталануы, тұрақтылығы және идиомалық сипаты негізгі критерий ретінде алынды. Осылайша, зерттеу барысында туындаған қиындықтар кешенді әдістерді қолдану арқылы еңсеріліп, алынған нәтижелердің ғылыми негізділігі мен сенімділігі қамтамасыз етілді.

Жүргізілген корпус негізіндегі талдау нәтижесінде ағылшын тіліндегі фразеологиялық бірліктердің бағалауыштық мазмұнының өзгерісі белгілі бір заңдылықтарға бағынатыны анықталды. Ең алдымен, фразеологизмдердің мағынасы олардың қолданылу контексіне тікелей тәуелді екендігі дәлелденді. Яғни, бір тілдік бірлік әртүрлі дискурстық жағдайларда әрқилы бағалауыштық реңкке ие болуы мүмкін. Фразеологиялық бірліктердің бағалауыштық құрылымында поляризация құбылысы байқалатыны анықталды. Кейбір бірліктер белгілі бір контексте позитивті мағынада қолданылса, басқа жағдайда негативті реңкке ие болады. Бұл тілдік мағынаның икемді және интерпретациялық сипатын көрсетеді.

Корпустық деректер негізінде алынған сандық көрсеткіштер фразеологиялық бірліктердің бағалауыштық үлестірімінің біркелкі емес екенін көрсетті. Атап айтқанда, кейбір бірліктерде позитивті қолданыс басым болса, басқаларында негативті немесе аралас сипат байқалады. Бұл тілдік бірліктердің семантикалық құрылымының тұрақсыздығын және олардың дискурстық ортаға тәуелділігін дәлелдейді. Зерттеу нәтижелері сондай-ақ қазіргі ағылшын тілінде жаңа фразеологиялық модельдердің қалыптасу үрдісі бар екенін көрсетті. Бұл модельдер көбіне цифрлық коммуникация кеңістігінде пайда болып, жоғары экспрессивтілік пен қысқалықпен ерекшеленеді. Алынған нәтижелер фразеологиялық жүйенің динамикалық сипатын және оның әлеуметтік-мәдени өзгерістермен тығыз байланысын айқындайды.

### Қорытынды

Жүргізілген кешенді зерттеу қазіргі ағылшын тіліндегі фразеологиялық бірліктердің бағалауыштық мазмұнының трансформациясы жүйелі, динамикалық және көпқырлы процесс екенін айқындады. Корпустық деректер негізінде алынған нәтижелер фразеологизмдердің семантикасы статикалық құбылыс емес, керісінше, олардың мағыналық құрылымы нақты қолданылу контексіне, дискурстық ортаға және әлеуметтік факторлардың тікелей әсеріне тәуелді екенін толық дәлелдейді.

Зерттеу барысында фразеологиялық қордың аксиологиялық құрылымындағы бірнеше маңызды үрдістер сараланды:

1. Семантикалық мелиорация (позитивтену): кейбір тілдік бірліктердің (мысалы, *geek*) негативті реңктен арылып, жоғары интеллектуалдық мәртебені білдіретін позитивті мағынаға ие болуы қоғамдағы технология мен білімге қатысты құндылықтардың қайта бағалануын көрсетеді.

2. Аксиологиялық поляризация: фразеологизмдердің контекстке байланысты жағымды және жағымсыз мағыналық полюстер арасында құбылуы олардың интерпретациялық табиғатын айқындайды.

3. Дискурстық жаңару: цифрлық коммуникация кеңістігінде қалыптасқан жаңа фразеологиялық модельдердің (мысалы, *break the internet*, *spill the tea*) пайда болуы тілдің прагматикалық икемділігі мен экспрессивтілік әлеуетінің артқанын айғақтайды.

Бұл үрдістер тілдің тек ішкі жүйелік заңдылықтарымен ғана шектелмей, қоғамдағы әлеуметтік-мәдени трансформациялармен тығыз байланысты. Сандық талдау нәтижелері мен бағалауыштық үлестірім көрсеткіштері (позитивті - 45.8%, негативті - 35.2%) фразеологиялық жүйенің қазіргі ақпараттық қоғамның сұраныстарына бейімделу қабілетін статистикалық тұрғыдан нақтылады.

Фразеологиялық жүйені осы тұрғыдан зерделеу тіл мен қоғам арасындағы диалектикалық байланысты терең түсінуге мүмкіндік береді. Зерттеу қорытындысы

фразеологияны жай ғана тілдік бірліктер жиынтығы емес, мәдени кодтар мен әлеуметтік құндылықтарды сақтайтын және жаңғыртатын күрделі когнитивтік-прагматикалық жүйе ретінде қарастыру қажеттігін негіздейді.

Алдағы уақытта фразеологиялық бірліктердің аксиологиялық динамикасын әртүрлі тілдер мен мәдениеттер (мысалы, ағылшын және қазақ тілдері) арасында салыстырмалы тұрғыдан талдау, сондай-ақ жасанды интеллект пен цифрлық дискурстың тілдік нормаларға ықпалын зерттеу лингвистика ғылымының өзекті бағыттары болып қала бермек.

### Әдебиеттер

Crystal D. The Cambridge Encyclopedia of the English Language. – Cambridge: Cambridge University Press, 2003. – 499 p.

McEnery T., Hardie A. Corpus Linguistics: Method, Theory and Practice. – Cambridge: Cambridge University Press, 2012. – 294 p.

Partington A. Patterns and Meanings in Discourse: Theory and Practice in Corpus-Assisted Discourse Studies. – Amsterdam: John Benjamins, 2004. – 293 p.

Kövecses Z. Metaphor: A Practical Introduction. – Oxford: Oxford University Press, 2010. – 375 p.

British National Corpus (BNC). - Oxford University Computing Services, 2007. - URL: <http://www.natcorp.ox.ac.uk/>

Davies M. The Corpus of Contemporary American English (COCA): One billion words, 1990-present. - 2008. - URL: <https://www.english-corpora.org/coca/>

Sinclair J. Corpus, Concordance, Collocation. – Oxford: Oxford University Press, 1991. – 85 p.

Stubbs M. Words and Phrases: Corpus Studies of Lexical Semantics. – Oxford: Blackwell, 2001. – 112 p.

Gibbs R. The Poetics of Mind: Figurative Thought, Language, and Understanding. – Cambridge: Cambridge University Press, 1994. – 36 p.

Lakoff G., Johnson M. Metaphors We Live By. – Chicago: University of Chicago Press, 1980. – 87 p.

**Г.А. Камишева<sup>а</sup>**

E-mail: [kamisheva\\_gulnur@mail.ru](mailto:kamisheva_gulnur@mail.ru).

**Ш.А.Әділбек<sup>а</sup>**

E-mail: [shugyla3110@mail.ru](mailto:shugyla3110@mail.ru) \*Автор для корреспонденции: [shugyla3110@mail.ru](mailto:shugyla3110@mail.ru)

*<sup>а</sup>Қызылординский университет имени Көркыт Ата, г. Қызылорда, Қазақстан*

### **ЦЕННОСТНЫЕ ИЗМЕНЕНИЯ В АНГЛИЙСКОЙ ФРАЗЕОЛОГИИ: КОРПУСНО-ДИСКУРСИВНЫЙ АНАЛИЗ**

**Аннотация.** Статья посвящена комплексному исследованию трансформационных процессов в оценочном (аксиологическом) содержании фразеологических единиц современного английского языка на основе эмпирических данных. Основная цель исследования – выявление аксиологической динамики в семантической структуре фразеологизмов, возникающей в связи с изменением общественных ценностей. В ходе работы на основе корпусно-дискурсивного анализа данных Британского национального корпуса (BNC) и Корпуса современного американского английского (COCA) были проанализированы контекстуальные и прагматические особенности фразеологических единиц.

Результаты исследования доказали, что оценочная семантика фразеологизмов не является статической и варьируется под влиянием социальных трансформаций и цифровой коммуникации. Автор описывает тенденции формирования новых фразеологических моделей в английском языке и их функционирование в медиа-дискурсе. Полученные научные выводы, подтверждая динамическую природу фразеологической системы, позволяют глубже понять взаимосвязь языка и общественного сознания, а также дополнить новыми данными области когнитивной лингвистики и лингвокультурологии.

**Ключевые слова:** фразеологические единицы, оценочная семантика, корпусная лингвистика, дискурс-анализ, языковая динамика, аксиологическая трансформация, английский язык, прагматический потенциал, лингвокультура.

**Для цитирования:** Камышева Г.А., Әділбек Ш.А. Ценностные изменения в английской фразеологии: корпусно-дискурсивный анализ // *Philological Sciences Journal*. – 2026. – Vol. 13. – №1. – С. 8-15. DOI <https://doi.org/10.52081/PhSJ.2026.v13.i1.070>

**G.A. Kamisheva<sup>a</sup>**

E-mail: [kamisheva\\_gulnur@mail.ru](mailto:kamisheva_gulnur@mail.ru).

**Sh.A. Adilbek<sup>a</sup>**

E-mail: [shugyla3110@mail.ru](mailto:shugyla3110@mail.ru). \*Corresponding author: [shugyla3110@mail.ru](mailto:shugyla3110@mail.ru)

<sup>a</sup>*Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan*

## VALUE CHANGES IN ENGLISH PHRASEOLOGY: A CORPUS-DISCOURSE ANALYSIS

**Abstract.** This article provides a comprehensive empirical study of the transformational processes within the evaluative (axiological) content of phraseological units in modern English. The primary objective of the research is to identify the axiological dynamics occurring in the semantic structure of phraseological units due to shifts in societal values. Through a corpus-discursive analysis of data from the British National Corpus (BNC) and the Corpus of Contemporary American English (COCA), the study examines the contextual and pragmatic characteristics of phraseological units.

The research results demonstrate that the evaluative semantics of phraseological units are not static but fluctuate under the influence of social transformations and digital communication. The author describes the trends in the formation of new phraseological models in the English language and their function within media discourse. The scientific findings confirm the dynamic nature of the phraseological system, offering a deeper understanding of the relationship between language and social consciousness, and contributing new data to the fields of cognitive linguistics and linguoculturology.

**Keywords:** phraseological units, evaluative semantics, corpus linguistics, discourse analysis, linguistic dynamics, axiological transformation, English language, pragmatic potential, linguoculture.

**For citation:** Kamisheva G.A., Adilbek Sh.A. Value changes in English phraseology: a corpus-discourse analysis // *Philological Sciences Journal*. – 2026. – Vol. 13. – №1. – Pp. 8-15. DOI <https://doi.org/10.52081/PhSJ.2026.v13.i1.070>

**Авторлар туралы мәлімет:**

*Камышева Гулнур Аббасовна*, педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, 120014, Қазақстан, Қызылорда қ., Әйтеке би, 29А.

ORCID: 0000-0002-0764-9238

Әділбек Шұғыла Артурқызы, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, 120014, Қазақстан, Қызылорда қ., Әйтеке би, 29А.  
ORCID: 0009-0000-6530-4193

**Сведения об авторах:**

Камишева Гулнур Аббасовна, кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор, Кызылординский университет имени Коркыт Ата, 120014, Казахстан, г. Кызылорда, ул Айтеке би, 29А  
ORCID: 0000-0002-0764-9238

Адилбек Шұғыла Артурқызы, магистрант, Кызылординский университет имени Коркыт Ата, 120014, Казахстан, г. Кызылорда, ул Айтеке би, 29А  
ORCID: 0009-0000-6530-4193

**Information about authors:**

Kamysheva Gulnur Abbasovna, Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Korkyt Ata Kyzylorda University, 120014, Kazakhstan, Kyzylorda, Aiteke bi str., 29A.  
ORCID: 0000-0002-0764-9238

Adilbek Shugyla Arturkyzy, Master's student, Korkyt Ata Kyzylorda University, 120014, Kazakhstan, Kyzylorda, Aiteke bi str., 29A.  
ORCID: 0009-0000-6530-4193

*The article was submitted on 6.01.2026; approved after reviewing on 15.01.2026;  
accepted for publication on 17.01.2026.*

*Мақала редакцияға 6.01.2026 ж. келіп түсті; 15.01.2026 ж. рецензиядан кейін  
мақұлданды; 17.01.2026 ж. баспаға қабылданды.*

*Статья поступила в редакцию 6.01.2026 г.;  
одобрена после рецензирования 15.01.2026 г.; принята к публикации 17.01.2026.*